


«Таңшолпан» бөбекжайы»КМҚК
№ 1 Педагогикалық кеңесімен
қабылданды
«29» тамыз 2025ж.



Бекітемін
«Таңшолпан» бөбекжайы»КМҚК
Директоры

С.В.Геренг
«02» қыркүйек 2025ж.

«Таңшолпан» бөбекжайы» КМҚК бракеражды комиссия туралы ережелері.

1 Жалпы ережелері.

- 1.1. Білім беру ұйымын басқарудағы дара басшылық және алқалылық қағидаттарына сүйене отырып, сондай-ақ «Таңшолпан» бөбекжайы» КМҚК жарғысына және 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес, тамақтануды ұйымдастыру, өнім сапасы мен тамақ дайындау және таратылу кезіндегі санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау мақсатында ясли-бақшада бракераждық комиссия құрылып, жұмыс істейді.
- 1.2. Бракераждық комиссия бөбекжай әкімшілігімен, кәсіподақ комитетімен және ата-аналар қауымдастығымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

2 Бракеражды комиссия құру тәртібі және құрамы.

- 2.1. Бракеражды комиссия жалпы бөбекжай ұжымының жиналысымен құрылады.
- 2.2. Комиссияның құрамы және оның өкілеттіктерінің мерзімдері балабақша директорының бұйрығымен бекітіледі.
- 2.3. Бракеражды комиссия 5 адамнан құралады:
- КО төрағасы
 - әдіскер
 - Диетолог медбике
 - ҚК төрағасы
 - ата-аналар комитетінің төрағасы
- 2.4. Қажет болған жағдайда комиссия құрамына бөбекжайдың басқа қызметкерлері, шақырылған мамандар, сарапшылар, сондай-ақ білім бөлімі мамандары мен ата-аналар қауымдастығының өкілдері қосылуы мүмкін.
- 2.5. Бракераж комиссиясының қызметі осы Қағидалармен реттеледі, ол бөбекжай директоры тарапынан бекітіледі.

3. Комиссияның өкілеттіктері

- 3.1. Бөбекжайдың бракеражды комиссиясы:

Тамақ өнімдерін тасымалдау, жеткізу және түсіру кезінде санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды;
Асхана жұмысын ұйымдастыруды бақылап, қызметкерлердің жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалайды;
Күнделікті мәзірдің дұрыс құрылуын бақылайды;
Дайын тамақтың берілу кезінде ара-тұра қатысады;
Дайындалған тағамның органолептикалық қасиеттерін бағалайды: түсі, иісі, дәмі, консистенциясы, қаттылығы, шырындылығы және т.б.;
Буфет-беру орнының санитарлық жағдайын тексереді;
Ыдыстағы таңбалардың болуын қадағалайды;
Тамақ өнімдерін сақтау шарттары мен сақтау мерзімдерінің сақталуын тексереді;
- Негізгі өнімдердің қойылуына ара-тұра қатысып, тағамның шығуын, дайын тағам көлемінің бір порцияға және балалар санына сәйкес келуін тексереді;
Өз жұмысы туралы әртүрлі жиналыстарда есеп береді.

4. Бөбекжайды тамақтандыруды ұйымдастыруды бағалау.

- 4.1 Дайын тағамның шығу көлемі мен сапасының нәтижелері бракераж журналына жазылады. Егер қандай да бір бұзушылықтар немесе ескертулер анықталса, бракераж комиссиясы дайын тағамды беруін қажетті шаралар қабылданғанға дейін тоқтатуға құқылы.
- 4.2. Комиссия анықтаған балалар тамақтандыру ұйымдастырылуындағы ескертулер мен бұзушылықтар бракераж журналына енгізіледі.
- 4.3. Бөбекжай әкімшілігі бракераж комиссиясының қызметіне қолдау көрсетіп, комиссия мүшелері анықтаған бұзушылықтар мен ескертулерді жоюға шаралар қабылдауға міндетті.
- 4.4. Тағамдық өнімдер мен азық-түлік шикізатын қабылдау нәтижелері қабылдау актісімен рәсімделеді.
- 4.5. Тамақтандыруды ұйымдастыру бақылауы актімен рәсімделеді. Тамақтандыруды ұйымдастыру бақылауы аптасына бір рет өткізіледі.
- 4.6. Ыстық тамақ беру және сынама алу күнделікті жүргізіледі.

5. Қорытынды ережелер.

- 5.1. Бракераж комиссиясының мүшелері өз еріктерімен қызмет атқарады.
- 5.2. Бөбекжай әкімшілігі бракераж комиссиясының жұмысын қолдап, оның мүшелері анықтаған бұзушылықтар мен ескертулерді жоюға шаралар қабылдауға міндетті.